



Шет елдегі инновациялық кәсіпкерлік қызметінің тәжірибесі

Орындаған: Пересеп Насихат



XX ғасырдың екінші жартысындағы дамыған елдердің экономикасының маңызды ерекшелігі — шағын кәсіпорындардың пайдасына ірі құрылымдық алға жылжу, бұл бәсекеге қабілеттілікпен, сұранысқа жылдам үн қатумен және ғылыми — техникалық алға басуды тездетумен, кадрларды орынды қолданумен, ақша қаражатының аз жұмсалыуымен және т. б. байланысты.

Олардағы кәсіпорындардың жалпы санының ішінде шағын және орта фирмалардың үлесі 80-нен 99 процентке дейінгі мөлшерді қамтып, елдің жалпы ұлттық өнімінің 50 процентке жуығын өндіруді қамтамасыз етіп отыр.

Кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы іске асырылған елдер – бұл **Италия, АҚШ, Жапония, Корея, Дания, Мексика, Чили, Бразилия.**

ДАМЫҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ 3 БАСТЫ ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛЬДЕРІ:



1. Жаңалықтарды таратуға бейім-делген, жағымды инновациялық ортаны құру, экономиканың барлық құрылым-дарын рационализациялауды жүзеге асыратын мемлекеттер (Германия, Швеция, Швейцария)
2. Ғылымда көшбасшылыққа бейімделген, ірі масштабты мақсатты жобаларды іске асыратын, ғылыми-өндірістік циклдың барлық стадияларын қамтитын мемлекеттер (АҚШ, Англия, Франция)
3. Инновациялық инфрақұрылымның даму жолымен жаңа-лық енгізуді реттеу, әлемдік ҒТП-ның же-тістіктеріне ықпалды-лығын қамтамасыз ету, ғылым және тех-нология облысындағы түрлі секторлардың іс-шаралардың коорди-нациясын

ҚЫТАЙ



Қытайдың 2006-2020 жылдарға арналған ұлттық экономикалық даму бағдарламасы негізгі көңілді 11 маңызды секторларды дамытуға, оның ішінде телебайланыс және ІТ-саласына бөлген.

Қытай үкіметі шағын және орта кәсіпкерлікті экономикалық өсудің ең маңызды ынталандырушысы, нарық жандандырушысы, еңбекке тарту мүмкіндігін кеңейткіші ретінде қабылдайды. Соңғы 20 жыл ішінде шағын кәсіпкерлік секторы Қытай экономикасының ажыратылмас бөлігі болды және қазіргі таңда зор көлемде жұмыс орындарын құрып, жаңа инновациялық технологияларды меңгеруден аолдыңғы қатарларда.

ИТАЛИЯ



Бірінші рет кластерлік-желілік ұстаным Италияда 70ж қолданылған. Шағын және орта бизнеске кластерлік-желілік ұстаным тұрғысынан осы ұстанымның бастау алатын Италияның тәжірибесі қызық. 70ж соңында “бірінші” және “екінші” Италия экономикалық дағдарысты басынан өткізді. Оған қарамастан кәсіпорындары жұмыс істеп қана қоймай, экономика рыногына шыға білді. Ал бұл уақытта Германия мен Ұлыбританияның ірі кәсіпорындары құлдырауды басынан өткізіп жатты. Яғни Италия өндірістік процеске инновацияларды енгізуге қабілетті болып шықты.

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ



ЖҰӨ-нің 50%-дан астамы, инновациялардың жартысынан астамы, ұлттық жұмысшы күшінің 2/3 астамы кәсіпкерлікке тартылған. АҚШ-та шағын және орта кәсіпкерлік ел экономикасын жақсартуда шешуші рөл атқарады. Бұл үшін АҚШ-та аталған сектордың дамуына көмек беретін құрылым-АҚШ бизнес әкімшілігі бар.

Мысалға, Америка Құрама Штаттының (АҚШ) шағын шағын кәсіпкерлік секторында соңғы он жыл ішінде шамамен барлық инновацияның 55% және 75%-ға жуық жаңа жұмыс орындары құрылды. Бұл ретте капитал салымының тиімділігі ірі кәсіпорындарға қарағанда 9 есе жоғары

ГЕРМАНИЯ



Германияда шағын кәсіпкерліктің басты сипаттамасы – ең алдымен меншік құқы мен кәсіпорынды тікелей басқарудың бірлігі болып табылады. Екінші сипаттама – кәсіпорын қызметінің айшықтылығы, оның көлемінің шектеулігі, қожайын мен жұмыскер арасындағы өзіндік ерекше қатынас сипатын білдіріп, өндірістің түпкі нәтижесі үшін екі жақтың да бірдей мүдделігін, ынталылығын тудырады. Үшіншіден, кәсіпорын өмірінде басқарушы рөлінің ерекше маңыздылығы: ол шаруашылықтың нәтижелігіне тек қана мүлік иесі болғандықтан ғана емес, сонымен бірге оның өзінің де өндіріспен тікелей айналысып, оны ұйымдастыруға барлық жағынан қатысуынан көрінеді. Төртінші – істі жанұялық негізінде жүргізу, яғни кәсіпорын қызметін нәтижелі ұйымдастыруға, жүргізуге атадан балаға мұра ретінде машықтану. Бесіншіден – шағын кәсіпкерліктің тағы бір сипатты белгісі ретінде кәсіпорында қаржыландыру мәслесесін айтуға болады.

ЖАПОНИЯ



Жапония – бұл жеке кәсіпкерлік елі. Мемлекетке өнеркәсіпте тек тиын алаңы ғана тиесілі. Бұл елде шағын кәсіпкерлікке 5 млн 738 мың кәсіпорындар жатады, жалпы санының – 99%. Халықтың 88% шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс істейді. Жапонияда 1963 жылдан бастап, тиісті заң негізінде ШК мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады. Бұл – сапалы және тұрақты заңнама елдің экономикалық өміріне жағымды әсер ететіндігіне дәлел болып табылады. Жапон үкіметі шағын кәсіпкерлікті әрқашан қолдауға тырысады, себебі олар үшін ШК әлеуметтік қолдау элементі, сондықтан шағын кәсіпкерліктің тоқырауына жол бермейді.

КОРЕЯ



Оңтүстік Кореяның экономикалық өсуіне әсер етуші факторлардың бірі мемлекеттің тиімді басшылық етуі болып табылады. Мемлекет экспортты арттыру үшін елде шетелдік және отандық жеке салымдарды және шет елдермен технологияны тарту үшін көптеген шараларды жүзеге асырды. Үкімет алдымен әлеуметтік инфрақұрылымды дамытып, жолдар, дамбылар, порттар, темір жолдар, мектептер салуға көп күш жұмсаған. Сонымен қатар, Үкімет ірі ауқымды жобаларды қаржыландыру үшін тартылған жеке сыртқы заемдарға мемлекеттік кепіл беріп отырды. XX ғ. 60-80 ж мемлекет инновациялық процеске 3 бағыт бойынша араласты. Бұл – интеллектуалды меншік институты негізінде білім және инновация рыногын құру; ҒЗТКЖ-ны субсидиялау арқылы жеке инициативаны ынталандыру; мемлекеттік ғылыми мекемелерде ғылыми мекемелерде білім өндіру.

Корея мемлекеті өз саясатын экспортқа бағыттады. Ұлттық экспортелдарды қолдау мақсатында ынталандыру жүйесі пайдаланылады. Ол экономиканың басымды салаларындағы несиелер бойынша пайыздың қойылымдарды кеңінен субсидиялау арқылы жүргізіледі.

ИЗРАИЛЬ



Қолдау инфрақұрылымдарының объектілері құрылған, олардың көпшілігі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыруға көмек беретін мемлекеттік және бірнеше жеке қорлар бар, ал мемлекеттік субсидия бизнесті жүргізу үшін қажетті қаражаттың $\frac{2}{3}$ -ін құрайды, $\frac{1}{4}$ – кәсіпкердің салған қаражаты. Бизнес-инкубаторларды қолдайтын венчурлық қорлар бар, оларда жаңа инновациялық жобалар жасалады.



Яғни дамыған елдердің көпшілігінде экономикалық өсудің шешуші бір факторы шағын бизнесті жан-жақты дамыту болып табылады. Демек, АҚШ-та: **«Шағын бизнес – күллі экономиканың жотасы»** деп тегін айтылмайды.